

Қазақстан Республикасының аумағында қызметтің жүзеге асыратын байланыс операторларының және (немесе) байланыс желілерін иеленушілердің жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын техникалық тұрғыдан жүргізу үшін өзінің телекоммуникациялық жабдығының функцияларын өз қаражаты немесе тартылған қаражат есебінен қамтамасыз ету қағидаларын және Байланыс желілері мен құралдарына қойылатын талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2024 жылғы 19 қыркүйектегі № 128/ке бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 26 қыркүйекте № 35121 болып тіркелді

### **ЗКАИ-ның ескертпесі!**

#### **Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз**

Қазақстан Республикасы "Байланыс туралы" Заңының 15-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырғандар бекітілсін:

1) Қазақстан Республикасының аумағында қызметтің жүзеге асыратын байланыс операторларының және (немесе) байланыс желілерін иеленушілердің жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын техникалық тұрғыдан жүргізу үшін өзінің телекоммуникациялық жабдығының функцияларын өз қаражаты немесе тартылған қаражат есебінен (бұдан әрі Ережелер) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес қамтамасыз ету қағидалары;

2) Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес байланыс желілері мен құралдарына қойылатын талаптар.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Ақпарат және киберқауіпсіздік қызметі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрықтың 2025 жылғы 6 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін З тарауын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы

E. Сагимбаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш өнеркәсібі министрі  
"КЕЛІСІЛГЕН"  
Қазақстан Республикасының  
Сауда және интеграция министрі  
"КЕЛІСІЛГЕН"  
Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік күзет қызметі

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік комитеті  
Төрағасының  
2024 жылғы 19 қыркүйектегі  
№ 128/кे бұйрығына  
1-қосымша

Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын байланыс операторларының және (немесе) байланыс желілерін иеленушілердің жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын техникалық тұрғыдан жүргізу үшін өзінің телекоммуникациялық жабдығының функцияларын өз қаражаты немесе тартылған қаражат есебінен қамтамасыз ету қағидалары

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын байланыс операторларының және (немесе) байланыс желілерін иеленушілердің жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын техникалық тұрғыдан жүргізу үшін өзінің телекоммуникациялық жабдығының функцияларын өз қаражаты немесе тартылған қаражат есебінен қамтамасыз ету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын байланыс операторларының және (немесе) байланыс желілерін иеленушілердің жедел-іздестіру іс-шараларын (бұдан әрі – ЖП), қарсы барлау іс-шараларын (бұдан әрі – ҚБІ) техникалық тұрғыдан жүргізу үшін өзінің телекоммуникациялық жабдығының функцияларын өз қаражаты немесе тартылған қаражат есебінен қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалардың талаптары өз қызметін жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желілерінде жүзеге асыратын байланыс операторларына және (немесе) байланыс желілерінің иеленушілеріне қолданылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) ЖП, ҚБІ жүргізу құралдары – ЖП, ҚБІ техникалық тұрғыдан жүргізу функцияларын қамтамасыз ету үшін телекоммуникациялық жабдықтың құрамына кіретін аппараттық және (немесе) бағдарламалық құралдар;

2) Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті бөлімшелері – байланыс операторларымен және (немесе) байланыс желілері иеленушілерімен өзара іс-кимыл үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы айқындастырылған Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының бөлімшелері;

3) мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету – Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының бағдарламалық қамтамасыз ету құралдары;

4) сәйкестікті растау жөніндегі органдар (бұдан әрі – СРО) – сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарды орындау үшін белгіленген тәртіппен аккредиттелген заңды тұлғалар;

5) телекоммуникациялық жабдықтың иеленушілері (бұдан әрі – жабдықтың иеленушілері) – телекоммуникация жабдықтары ЖП, ҚБІ техникалық тұрғыдан жүргізу функцияларын қамтамасыз ететін байланыс операторлары және (немесе) байланыс желілерінің иеленушілері;

6) тестілік қосылу – ЖП, ҚБІ техникалық тұрғыдан жүргізу үшін телекоммуникациялық жабдық функциялары жұмысының дұрыстығын тексеру мақсатында байланыс немесе сервис операторының телекоммуникациялар желілеріне қосылуы.

**2-тaraу. Қазақстан Республикасының аумағында қызметтің жүзеге асыратын байланыс операторларының және (немесе) байланыс желілерін иеленушілердің жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын техникалық тұрғыдан жүргізу үшін өз қаражаты немесе тартылған қаражат есебінен өзінің телекоммуникациялық жабдығының функцияларын қамтамасыз ету тәртібі**

4. Техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді, күзет дабылы мен бейнебақылау жүйелерін қолдануды қоса алғанда, ЖП, ҚБІ техникалық тұрғыдан жүргізуге арналған функциялары бар телекоммуникациялық жабдықтың жұмыс істеуін және оның сақталуын жабдықтың иеленушілері өз қаражаты және (немесе) тартылған қаражат есебінен қамтамасыз етеді.

5. ЖП, ҚБІ техникалық тұрғыдан жүргізу үшін телекоммуникациялық жабдықтың функцияларын қамтамасыз ету кезінде жабдықтың иеленушілері өз қаражаты және (немесе) тартылған қаражат есебінен:

1) ЖП, ҚБІ техникалық тұрғыдан жүргізу үшін телекоммуникациялар желісінің арналық және техникалық ресурстарын;

2) жедел-іздестіру қызметтің (бұдан әрі – ЖІК), қарсы барлау қызметтің (бұдан әрі – ҚБК) жүзеге асыратын органдардың абоненттер және (немесе) байланыс қызметтерін пайдаланушылар туралы қызметтік ақпаратқа қол жеткізуін;

3) өзінің барлық абоненттерін техникалық және ұйымдастырушылық шаралармен тіркеу және сәйкестендіру жүйелерін іске асыруды;

4) байланыс объектілерінде орналасқан ЖП, ҚБІ техникалық тұрғыдан жүргізу функциялары бар телекоммуникациялық жабдықтың сақталуы мен қауіпсіздігін;

5) электрмен жабдықтауды, жерге тұйықтауды, климаттық жағдайларды, ерт қауіпсіздігін қоса алғанда, ЖП, ҚБІ техникалық тұрғыдан жүргізу функциялары бар жабдықтың үздіксіз жұмыс істеуі үшін жағдайларды;

6) барлық байланыс желілерінде ЖП, ҚБІ жүргізудің ұйымдастыруышылық және техникалық мүмкіндіктерін;

7) ЖП, ҚБІ жүргізу нысандары мен әдістерінің ашылуына жол бермеу бойынша шаралар қабылдауды;

8) Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті бөлімшесін сервистік қызметтердің, жаңа байланыс қызметтерінің, коммутациялық жабдық нөмірлерінің пайдалануға берілуі және (немесе) езгеруі туралы хабардар етуді;

9) байланыс желілерінде жедел-іздестіру, қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын органдарға ұялы байланыс желілерінің, оның ішінде тестілік режимде жұмыс істейтін базалық станциялардың орналасуы туралы мәліметтерді ай сайын ұсынуды;

10) ЖП, ҚБІ техникалық тұрғыдан жүргізу функциялары бар телекоммуникациялық жабдықтың жұмысында туындаған ақауларды дереу жоюды қамтамасыз етеді.

6. СРО Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті бөлімшесінің өтініші бойынша ЖП, ҚБІ техникалық тұрғыдан жүргізу функциялары бар телекоммуникациялық жабдықтарға берілген сертификаттар туралы ақпаратты ұсынады.

7. ЖП, ҚБІ техникалық тұрғыдан жүргізу үшін телекоммуникациялық жабдықтың функцияларын қамтамасыз ету мақсатында ЖІК, ҚБҚ жүзеге асыратын барлық органдардың міндеттерін шешу мүддесінде жабдықтың иеленушісі мен Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті бөлімшесі арасында байланыс объектілерінде өзара іс-кимыл туралы екіжақты келісім жасалады.

Келісімді жабдықтың иеленушісі әзірлейді, жабдық иеленушісінің басшысы мен Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті бөлімшесінің басшысы қол қояды. Жабдықтың иеленушісі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің жедел қамтамасыз ету объектілеріне орналастырган кезде келісім Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметімен келіследі.

8. Келісімдерде мынадай мәселелер көрсетіледі:

1) жасырындылық;

2) ақпаратты ұсыну;

3) үй-жайларды, байланыс арналарын және желілерін ұсыну;

4) жабдықтарды орналастыру үшін және кабельдерді төсеу үшін трассаларға орындар бөлу;

5) байланыс қызметтерінің абоненті және (немесе) пайдаланушысы туралы қызметтік ақпаратқа қол жеткізуді ұсыну;

6) ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті бөлімшелері өкілдерінің байланыс объектілеріне қол жеткізу;

7) ЖП, ҚБІ техникалық тұрғыдан жүргізу үшін телекоммуникациялық жабдықты пайдалану кезінде өзара іс-қимылды регламенттеу;

8) байланыс арналары мен желілеріне қосылуға арналған техникалық шарттар;

9) қосылатын техникалық құралдарды пайдалану үшін шарттары, оның ішінде кепілдендірілген және үздіксіз электрмен қамту, жерге түйіктау, климаттық жағдайлар ;

10) байланыс объектілерінде орналастырылған қосылған техникалық құралдардың сақталуы және оларға заңсыз қол жеткізуді болдырмау;

11) ЖП, ҚБІ техникалық тұрғыдан жүргізу үшін телекоммуникациялық жабдықтың дұрыс жұмыс істеуін, жұмыс істеу қабілетін және қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жабдық иеленушісі қызметкерлері қатарындағы жауапты адамдардың байланыс деректері;

12) көрсетілетін байланыс қызметтеріне тестілік қосыуларды, тестілік идентификаторлар мен абоненттік терминалдарды ұсыну шарттары.

9. Жабдықтардың иелері Келісімнің шарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына пайдалануға береді:

1) электрмен жабдықтауды, жерге түйіктауды және климаттық жағдайларды қамтамасыз ете отырып, жабдықты орналастыру үшін байланыс объектілерінде қызметтік үй-жайларды және (немесе) аландарды;

2) кабельдік коммуникацияларды төсеу үшін байланыс желілерін, арналарды және трассаларды;

3) телекоммуникациялар желісінің әрбір коммутациялық жабдығына желіде жұмыс істейтін барлық байланыс қызметімен байланыстың әрбір түрі бойынша көрсетілетін қызметтерге тестілік қосылуды және кемінде үш тестілік абоненттің сәйкестендіргішін пайдалануға береді.

10. Жаңа телекоммуникациялық жабдықтарды пайдалануға беру және тозғандарын пайдаланудан шығару немесе жаңғырту, қолданыстағы байланыс схемаларын өзгерту Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті бөлімшесімен келісу бойынша жабдық иеленушісі әзірлеген және бекіткен жабдық иеленушісінің телекоммуникация желілерінде ЖП, ҚБІ техникалық тұрғыдан жүргізу үшін телекоммуникациялық жабдықтың функцияларын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Жоспар ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында әзірленеді және екі данада жасалады , бірінші данасын жабдықтың иеленушісі Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті бөлімшесіне береді, екіншісі жабдық иеленушісінде сақталады.

11. Жоспар мынадай іс-шараларды көздейді:

1) байланыс операторының телекоммуникациялар желісінде ЖП, ҚБІ техникалық түрғыдан жүргізілуін қамтамасыз ету;

2) деректер базасында қамтылатын абоненттер мен оларға көрсетілген байланыс қызметтері туралы ақпаратты уақтылы жаңарту;

3) жаңа жобаларды іске асыру, ЖП, ҚБІ техникалық түрғыдан жүргізу функциялары бар телекоммуникациялық жабдықтарды сатып алу және орнату (телекоммуникациялық жабдықты орнату орны ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісіледі);

4) ЖП, ҚБІ техникалық түрғыдан жүргізу функциялары бар жаңа жабдықты тұрақты пайдалануға енгізу, тәжірибелік пайдалануды жүргізу, ұлттық қауіпсіздік органдары анықтаған кемшіліктерді жою;

5) пайдаланудағы коммутациялық, желілік, көлік жабдықтарын жаңғырту;

6) жабдықтарға техникалық қызмет көрсету кезеңдігі, қолданыстағы телекоммуникациялар желілерін кеңейту.

Жоспарлардағы ақпарат жасырын болып табылады.

12. ЖП, ҚБІ техникалық түрғыдан жүргізу функциялары бар телекоммуникациялық жабдықтарда жоспардан тыс жұмыстарды жүргізу Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті бөлімшелерімен келісу бойынша жүзеге асырылады.

13. Жабдықтың иеленушілері ЖП, ҚБІ техникалық түрғыдан жүргізу функцияларын қамтамасыз етуге, ЖП, ҚБІ жүргізу құралдарын орнатуға тартылатын адамдардың санын шектеу, сондай-ақ ЖП, ҚБІ жүргізудің ұйымдастырушылық және техникалық тәсілдерінің ашылуын болдырмауды қамтамасыз ету шараларын қабылдайды.

14. Жабдықтың иеленушілері деректер базасындағы абоненттер және (немесе) байланыс қызметтерін пайдаланушылар туралы қызметтік ақпараттың тұрақты өзектілігін автоматты режимде қамтамасыз етеді.

15. ЖП, ҚБІ техникалық түрғыдан жүргізу функциялары бар телекоммуникациялық жабдықтардың сәйкестігін растау кезінде Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті бөлімшесі өкілінің қатысуымен сынақ басталған сәттен бастап қүнтізбелік 30 күннен аспайтын мерзімде СРО сынақтарды жүзеге асырады.

16. Байланыс объектілерінде, оның ішінде жанадан салынып жатқан немесе реконструкцияланатын объектілерде Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті бөлімшесімен келісу бойынша жабдықтарды орнату үшін үй-жай қарастырылады, оны қосу үшін байланыс арналары мен желілері қамтамасыз етіледі.

Үй-жайлар электр, энергия және су жабдықтарымен, климаттық, технологиялық және коммуналдық-тұрмыстық қамтамасыз ету құралдарымен, өрт сөндіру қорғау дабылымен, бөгде жеке тұлғалардың үй-жайға заңсыз кіруін болдырмау құралдарымен қамтамасыз етіледі.

17. Жабдықты тәжірибелік пайдалануға беру Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдары уәкілетті бөлімшесінің басшысы және жабдықтың иеленушісі бекітетін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әзірленетін ЖП, ҚБІ жүргізу функциялары бар телекоммуникациялық жабдықтарды тәжірибелік пайдалануға беру актісімен расталады. Тәжірибелік пайдалану ұзақтығын Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті бөлімшесі айқындайды, бірақ тәжірибелік пайдалануға беру актісіне қол қойылған кезден бастап құнтізбелік 60 күннен аспауға тиіс.

Тәжірибелік пайдаланудың оң нәтижелері осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған қорытындымен ресімделеді, онда жабдық иеленушісінің атауы, сынақтың нысанасы, байланыс желісінің типі, ұзақтығы, сынақ нәтижелері және ЖП, ҚБІ жүргізуді қамтамасыз ету саласындағы техникалық регламенттердің және ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкестігі туралы қорытындылар көрсетіледі.

Тәжірибелік пайдаланудың теріс нәтижелері осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалатын қорытындымен ресімделеді. Жабдық қолданыстағы талаптарға сәйкес келмеген жағдайда қорытындыда сәйкесіздіктердің себептері көрсетіледі.

Тұрақты пайдалануға беру осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалатын ЖП, ҚБІ жүргізу функциялары бар телекоммуникациялық жабдықты пайдалануға беру актісімен ресімделеді.

Тұрақты пайдалануға беру актісі тәжірибелік пайдаланудың оң нәтижелері болған жағдайда ресімделеді.

Жабдықты пайдалануға беру актісіне жабдықты тұрақты пайдалануға қабылдау мүмкіндігі туралы қорытынды шыққан күнінен бастап 15 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдары уәкілетті бөлімшесінің басшысы және жабдықтың иеленушісі қол қояды.

18. ЖП, ҚБІ техникалық түрғыдан жүргізу функциялары бар телекоммуникациялық жабдықтардың авариясы, істен шығуы, зақымдалуы кезінде жабдықтың иеленушілері бұл туралы Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті бөлімшесін дереу хабардар етеді және ақауларды жою және жабдықтардың жұмыс қабілеттілігін қалпына келтіру бойынша шаралар қолданады.

19. ЖП, ҚБІ техникалық түрғыдан жүргізу функциялары бар телекоммуникациялық жабдықтардың жүйелі түрдегі авариялары, ақаулықтары немесе ұзак мерзімде жұмыс істемей тұруы кезінде Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті бөлімшесі пайдалануға беру актісінің күшін жоюға бастамашылық етеді, кейіннен сәйкестік сертификатының қолдануын тоқтату мәселесі бойынша техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органға жүгінеді.

20. Жабдықтың иеленушілері ЖП, ҚБІ техникалық түрғыдан жүргізу функциялары бар телекоммуникациялық жабдықтарды пайдаланудан шығаруды және оларды қайта

пайдалануды, сондай-ақ ақпаратты жинақтау және сақтау құрылғыларын кәдеге жаратуды ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті бөлімшесімен келісу бойынша жүзеге асырады.

Пайдаланудан шығару осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалатын ЖП, ҚБІ техникалық түрғыдан жүргізу функциялары бар телекоммуникациялық жабдықтарды пайдаланудан шығару актісімен ресімделеді.

Жабдықтың иеленушілері ақпаратты жинақтау және сақтау құралдарын кәдеге жарату қорытындысы бойынша осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЖП, ҚБІ жүргізу функциялары бар телекоммуникациялық жабдықтардың ақпаратын жинақтау және сақтау құралдарын кәдеге жарату актісін жасайды. Кәдеге жарату актісі екі данада жасалады, бірінші данасын жабдықтың иеленушісі Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті бөлімшесіне ұсынады, екіншісі жабдықтың иеленушісінде сақталады.

21. Басқару орталықтарын, коммутациялық жабдықтарды, абоненттер туралы қызметтік ақпаратты және дербес деректерді сақтау жүйесін, абоненттердің және (немесе) байланыс қызметтерін пайдаланушыларының дыбыстық, қысқа мәтіндік, графикалық, мультимедиялық хабарламалар алмасу жүйесін қоса алғанда, байланыс желілерінің телекоммуникациялық жабдығы Қазақстан Республикасының аумағында орналасуға тиіс.

22. ЖП, ҚБІ техникалық түрғыдан жүргізуге арналған функциялары бар телекоммуникациялық жабдықта жабдыққа заңсыз қол жеткізуді физикалық және аппараттық-бағдарламалық шектеу шаралары көзделуге тиіс.

23. ЖП, ҚБІ техникалық түрғыдан жүргізуге арналған функциялары бар телекоммуникациялық жабдықтарды жабдықтың иеленушілері Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының арналары мен байланыс желілеріне қосылу нүктелері арқылы қосады.

Қосылу нүктелерін Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті бөлімшесі айқындаиды.

24. Жабдықтың иеленушілері ЖП, ҚБІ техникалық түрғыдан жүргізуге арналған функциялары бар телекоммуникациялық жабдықтардың сапасы және істен шығудың неғұрлым аз санымен ұзақ уақыт үздіксіз тәулік бойғы режимде жұмыс істеуі бойынша талаптарын сақтауды қамтамасыз етеді.

25. ЖП, ҚБІ техникалық түрғыдан жүргізуге арналған функциялары бар телекоммуникациялық жабдыққа техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді өз қаражаты және/немесе тартылған қаражат есебінен жабдықтың иеленушілері қамтамасыз етеді.

26. Жабдықтың иеленушілері жабдықтың ақауын уақтылы жою және жұмыс істеу қабілетін қалпына келтіру мақсатында ЖП, ҚБІ техникалық түрғыдан жүргізуге

арналған функциялары бар телекоммуникациялық жабдықтың резервтік тораптарының және (немесе) жинақтаушыларының болуын қамтамасыз етеді.

27. Ұялы байланыс желілерінде жұмыс істейтін барлық абоненттік құрылғылар Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 226 бүйрекшімен бекітілген ұялы байланыс абоненттік құрылғыларын тіркеу қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17028 болып тіркелген) сәйкес ұялы байланыс операторында тіркелуге тиіс.

28. Жабдықтың иеленушілері телекоммуникациялық желілер өзгерген, жаңа жабдықтар пайдалануға берілген, байланыс арналарының сыйымдылығы ұлғайған кезде, ЖП, ҚБІ техникалық тұрғыдан жүргізу функцияларын қамтамасыз ету үшін телекоммуникациялық жабдықтарға өзгерістерді жүргізеді, кейіннен сертификаттау сынақтарын жүргізеді.

**3-тaraу Байланыс операторларының және (немесе) байланыс желілері иелерінің қарсы барлау шараларын техникалық жүргізу үшін телекоммуникация желілері бойынша қабылданатын және берілетін ақпаратты жинақтау және сақтау функцияларын қамтамасыз ету тәртібі**

29. Жабдықтың иеленушілерінің телекоммуникация желілері бойынша қабылданатын және берілетін ақпаратты жинақтау және сақтау функцияларын іске асыруы, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдары уәкілетті бөлімшесінің жазбаша хабарламасы бойынша жүзеге асырылады.

30. Сақталатын ақпарат тек қарсы барлау қызметінің тапсырмаларын жүзеге асыру үшін пайдаланылады.

31. Белгіленген талаптарды орындау үшін жабдықтың иеленушілері Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті бөлімшесімен ақпаратты жинақтау, сақтау және оған қол жеткізу туралы екіжақты Келісім (бұдан әрі – Келісім) жасасады.

Келісімде мыналар көрсетіледі:

- 1) ақпаратты жинақтау мен сақтауды қамтамасыз ету шарттары, оның ішінде жинақтау және сақтау жабдықтарын енгізу кезеңділігі;
- 2) сақталатын ақпаратқа қол жеткізу және жинақтау, сақтау жабдығын орналастыру шарттары;
- 3) мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану шарттары;
- 4) жабдық иесінде орналасқан жабдыққа ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, заңсыз қол жеткізуді шектеу және физикалық қорғау шарттары;
- 5) ақпаратты жинақтау және сақтау үшін тартылған барлық учаскелердің ақпараттық трактілерін ұйымдастыру шарттары;

6) Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті бөлімшелерінің жабдықтарын жинау және сақтау жабдықтарына қосу нүктелері;

7) телекоммуникация желісі, қолданылатын интерфейстер, пайдаланылатын телекоммуникациялық жабдық, хабарлама форматтары, жинақтау мен сақтау жабдықтары, сақталатын ақпаратқа қол жеткізу және қосылу нүктелерінің жабдығы туралы техникалық мәліметтер беру шарттары;

8) телекоммуникация желілерінің дамуы, телекоммуникациялық жабдықтардың енгізілуі, жаңа технологиялар мен байланыс қызметтерінің енгізілуі, жаңа интерфейстер мен хабарлама форматтарының енгізілуі туралы ақпараттандыру шарттары;

9) ағымдағы мәселелерді шешу, ақауларды жою және штаттан тыс жағдайлардан шығу үшін өзара әрекеттесу регламенті.

32. Жабдықтың иеленушілері осы Қағидадағы 6-қосымшада көрсетілген телекоммуникация желілері бойынша қабылданатын және берілетін ақпаратты жинақтау және сақтау жабдығына қойылатын техникалық талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ:

1) олардың меншігіндегі және (немесе) пайдалануындағы телекоммуникация құралдары арқылы, телекоммуникация желілері бойынша қабылданатын және берілетін ақпаратты жинақтауды;

2) олардың меншігіндегі және (немесе) пайдалануындағы жабдықта жиналған ақпаратты 5 тәулік мерзімінде уақытша сақтауды;

3) олардың меншігіндегі және (немесе) пайдалануындағы жабдықта жиналған ақпаратты үш ай мерзімде сақтауды;

4) ақпаратты жинақтау және сақтауга тартылған барлық участеклердің ақпараттық трактілерін ұйымдастыруды;

5) қарсы барлау іс-шараларын жүзеге асыру үшін ұлттық қауіпсіздік органдары уәкілетті бөлімшелерінің сақтау жабдығына және жиналған ақпаратқа қол жеткізуді жүзеге асырады.

33. Қабылдау, сақтау және сақталған ақпаратқа қол жеткізу үшін мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету қолданылады.

34. Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдары уәкілетті бөлімшелерінің Техникалық тапсырмасына және Келісімнің шарттарына сәйкес жабдық иелері қабылдау, сақтау және сақталған ақпаратқа қол жеткізу жабдығын қалыптастыруды жүзеге асырады.

35. Сақтау жабдығының көлемі байланыс қызметінің абоненттері және (немесе) пайдаланушылары ақпаратты берген/қабылдаған сәттен бастап үш ай уақыт ішіндегі телекоммуникация желілері бойынша берілетін және қабылданатын барлық ақпаратты жинақтауды қамтамасыз етуі тиіс. Белгіленген сақтау мерзімі өткеннен кейін ақпарат автоматты түрде сақтау жабдығынан жойылады.

Телекоммуникация желілері бойынша берілетін ақпараттың көлемі ұлғайған жағдайда жабдық иелері белгіленген уақыт кезеңінде ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету үшін тиісті көлемде ұлғайтуды жүзеге асырады.

36. Телекоммуникациялық жабдықтың жаңасын пайдалануға беру және ескіргенін пайдаланудан шығару немесе жаңарту, қолданыстағы байланыс схемаларын өзгерту, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті бөлімшесімен келісі бойынша жабдық иесі әзірлеген және бекіткен телекоммуникациялық желілері бойынша қабылданатын және берілетін ақпаратты жинақтауды және сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Жоспар ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында әзіrlenеді және екі данада жасалады, бірінші данасын жабдық иесі Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті бөлімшелеріне ұсынады, екіншісі жабдық иесінде сақталады.

37. Телекоммуникация желілерінен дауыстық, мәтіндік, бейне және басқа да хабарламаларды жинақтау толық көлемде, үзіліссіз, шығынсыз, жоғалусыз, бұрмалаусыз және ақауларсыз қамтамасыз етілуі тиіс.

38. Көлемі мен сақтау мерзіміне қойылатын талаптарды сақтай отырып, біртұтас сақтау жабдығында ақпаратты сақтауға әртүрлі операторлар және (немесе) байланыс желілері иелерінің телекоммуникациялар желілерін біріктіруге жол беріледі.

39. Жабдықтың иелері Келісімге сәйкес телекоммуникация желілері арқылы берілетін ақпаратты жинақтау, сақтау жабдықтарының физикалық қорғалуын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтауды қамтамасыз етеді.

40. Орналастыру орындары, жинақтау, сақтау жабдығын қосу нүктелерін және жабдық иелерінің қолжетімділігін Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті бөлімшелерімен анықталады.

41. Жинақтау, сақтау және оған қол жеткізу жабдығы орналастырғаннан кейін тестілік пайдалану жүргізіледі.

42. Тестілік пайдаланудың оң нәтижесінде жинақтау және сақтау жабдығын пайдалануға беру, осы Қағидадағы 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған актімен расталады, оны байланыс операторларының және (немесе) желі иелерінің және Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдары уәкілетті бөлімшелерінің өкілдері бекітеді.

43. Байланыс операторлары және (немесе) байланыс желілерінің иелері ақпаратты жинақтау, сақтау, оған қол жеткізу жабдығының, қосу нүктелерінің сапасына қойылатын талаптардың сақталуын және ұзақ уақыт ең аз сәтсіздіктермен тәулік бойы режимінде үздіксіз үзіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

44. Ақпаратты жинақтау, сақтау, оған қол жеткізу, қосу нүктелері жабдығына техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді өз қаражаты және (немесе) тартылған

қаражат есебінен байланыс операторлары және (немесе) байланыс желілерінің иелері қамтамасыз етеді.

45. Ақпаратты жинақтау, сақтау, оған қол жеткізу, қосылу нүктелері жабдығын пайдалану барысында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтіндігі анықталған кезде Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті бөлімшелері байланыс операторына, байланыс желісінің иесіне жабдықты сәйкестікке келтіру қажеттілігі туралы ұйғарым жібереді.

46. Белгіленген талаптарға сәйкессіздіктер жойылмаған жағдайда, сондай-ақ ақпаратты жинақтау, сақтау, оған қол жеткізу, қосылу нүктелерінің жабдығын пайдалануда жүйелі бұзушылықтар болған кезде ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті бөлімшелері аталған жабдықты пайдалануға беру актісінің күшін жоюға және кері қайтарып алуға бастамашылық жасайды, кейіннен сәйкессіздіктер мен бұзушылықтарды түзету жөнінде шаралар қабылдау үшін байланыс саласындағы уәкілетті органға жүгінеді.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік комитеті  
Төрағасының  
2024 жылғы 19 қыркүйектегі  
№ 128/ке

Қазақстан Республикасының  
аумағында өз қаражаты немесе  
тартылған қаражат есебінен  
қызметін жузеге асыратын  
байланыс операторларының  
және (немесе) байланыс  
желілерін иеленушілердің  
жедел-іздестіру, қарсы барлау  
іс-шараларын техникалық  
түрғыдан жүргізу үшін өзінің  
телекоммуникациялық  
жабдығының функцияларын  
қамтамасыз ету қағидаларына

1-қосымша

Нысан

"БЕКІТЕМІН"	"БЕКІТЕМІН"
(лауазымы, жабдық иеленушісі	(лауазымы, ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті
басшысының қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), ұйымның мөрі (болған кезде)	бөлімшесі басшысының қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)
20__ жылғы "___" ____	20__ жылғы "___" ____

**Жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізу функциялары бар  
телекоммуникациялық жабдықты**

**ТӘЖІРИБЕЛІК ПАЙДАЛАNUҒА БЕРУ АКТІСІ**

Осы актімен оператордың байланыс желілерінде немесе байланыс жөлдесінде иеленушісінде жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізу функциялары бар телекоммуникациялық жабдығы (бұдан әрі – жабдық) тәжірибелік пайдалануға беріледі.

Жабдық \_\_\_\_\_ желісінде \_\_\_\_\_  
(тіркелген телефон байланысы, мобиЛЬДІК телефон байланысы, мобиЛЬДІК интернет байланысы, тіркелген интернет байланысы)

\_\_\_\_\_ ЖП, ҚБІ жүргізу үшін техникалық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді.

(абоненттердің барлық қосылыстары туралы хабарларды жолдан ұстап қалу және / немесе ақпаратты жинау және сақтау)

Жабдықтың ЖП, ҚБІ жоғарыда аталған түрлерін қамтамасыз ету жөніндегі техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттар талаптарына сәйкестігін растайтын мәліметтер:

(сәйкестік сертификаттарының нөмірі, берілген күні, кім берген)

Тәжірибелік пайдалану кезеңі: \_\_\_\_\_ ж. бастап \_\_\_\_\_ ж. дейін.

Көл жеткізу интерфейсінің IP мекенжайы: <https://>

_____ ЖП байланыс операторының жабдықтары үшін жауаптылар	_____ Ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті бөлімшесінің жауапты қызметкерлері
_____ (қызметкердің қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))	_____ (қызметкердің қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))
_____ (қызметкердің қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))	_____ (қызметкердің қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))
20 ____ жылғы " ____ "	20 ____ жылғы " ____ "

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Төрағасының

2024 жылғы 19 қыркүйектегі

№ 128/ке

Қазақстан Республикасының  
аумағында өз қаражаты немесе  
тартылған қаражат есебінен  
қызметтің жүзеге асыратын  
байланыс операторларының  
және (немесе) байланыс  
желілерін иеленушілердің  
жедел-іздестіру, қарсы барлау  
іс-шараларын техникалық

тұрғыдан жүргізу үшін өзінің  
телекоммуникациялық  
жабдығының функцияларын  
қамтамасыз ету қағидаларына  
2-косымша  
Нысан

## Тәжірибелік пайдалану нәтижелері бойынша қорытынды

желісінде  
(тіркелген телефон байланысы, мобиЛЬДІК телефон байланысы, мобиЛЬДІК интернет  
байланысы, тіркелген интернет байланысы)

арналған  
(абоненттерінің және (немесе) байланыс қызметтерін пайдаланушыларының барлық  
қосылыстары туралы хабарларды жолдан ұстап қалу және / немесе ақпаратты жинау  
және сақтау)

байланыс операторының ЖП, ҚБІ техникалық тұрғыдан  
жүргізу

функциялары бар жабдықты тәжірибелік пайдалану 20 ж. бастап 20 ж.  
аралығында өткізілді.

## Қорытынды:

ЖП, ҚБІ техникалық тұрғыдан жүргізу функциялары бар жабдық ЖП, ҚБІ жүргізуді  
қамтамасыз ету саласындағы техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың  
талаптарына                  және пайдалануға                  болады.

Ұлттық қауіпсіздік органдары уәкілетті бөлімшесінің басшысы

Лауазымы                  қолы                   
20 жылғы "       "                 

Тегі, аты-жөні

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік комитеті  
Төрағасының  
2024 жылғы 19 күркүйектегі  
№ 128/ке

Қазақстан Республикасының  
аумағында өз қаражаты немесе  
тартылған қаражат есебінен  
қызметтің жүзеге асыратын  
байланыс операторларының  
және (немесе) байланыс  
желілерін иеленушілердің  
жедел-іздестіру, қарсы барлау  
іс-шараларын техникалық  
тұрғыдан жүргізу үшін өзінің  
телекоммуникациялық  
жабдығының функцияларын

қамтамасыз ету қағидаларына

3-қосымша

Нысан

"БЕКІТЕМІН"	"БЕКІТЕМІН"
(лауазымы, жабдық иеленушісі	(лауазымы, ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті
қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), үйымның мөрі (болған кезде)	бөлімшесі басшысының қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)
20 __ жылғы " __ "	20 __ жылғы " __ "

**Жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізу функциялары бар телекоммуникациялық жабдықты**

## **ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУ АКТІСІ**

Осы актімен оператордың немесе \_\_\_\_\_ иеленушісінің байланыс желілерінде жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізу функциялары бар телекоммуникациялық жабдық (бұдан әрі – жабдық) пайдалануға беріледі.

Пайдалануға берілген жабдықтардың тізбесі:

P/c №	Жабдықтың атауы	Сериялық нөмірі	БҚ нұсқасы	Орнатылатын орны (елді мекен, көше, ғимарат нөмірі, қабаты, үй-жай нөмірі, қатары, орны)
1.				
2.				
3.				
4.				
5.				

Жабдық \_\_\_\_\_

(абоненттерінің барлық қосылыстары туралы хабарларды жолдан ұстап қалу және / немесе ақпаратты жинау және сақтау) ЖП, ҚБІ жүргізу үшін техникалық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді.

желісінде

(тіркелген телефон байланысы, мобиЛЬДІ телефон байланысы, мобиЛЬДІ интернет байланысы, тіркелген интернет байланысы)

Жабдықтың ЖП, ҚБІ жоғарыда аталған түрлерін қамтамасыз ету бойынша техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттар талаптарына сәйкестігін растайтын мәліметтер:

(сәйкестік сертификаттарының нөмірі, берілген күні, кім берген)  
Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (бұдан әрі – ҚР ҰҚК) өкілі  
Мониторинг орталығы әкімшісінің құпия сөзін өзгертуіп, тестілік пайдаланушыларды  
алып тастауды жүзеге асырды.

Осы Актіге қол қойылған күннен бастап \_\_\_\_\_  
(шкаф нөмірі немесе оның белгісі)

\_\_\_\_\_ телекоммуникация шкафы ҚР ҰҚК өкілдерінің мөрімен бекітіледі.

Косымша:

Сәйкестік сертификаттарының көшірмелері.

_____	_____	_____
Жабдық иеленушісінің ЖП жабдығы үшін жауаптылар	_____	Ұлттық қауіпсіздік органдарының үәкілетті бөлімшесінің жауапты қызметкерлері
_____	_____	_____
(қызметкердің колы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)	_____	(қызметкердің колы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)
_____	_____	_____
(қызметкердің колы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)	_____	_____
20 ____ жылғы " ____ "	_____	20 ____ жылғы " ____ "
_____	_____	_____

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік комитеті  
Төрағасының  
2024 жылғы 19 қыркүйектегі  
№ 128/ке

Қазақстан Республикасының  
аумағында өз қаражаты немесе  
тартылған қаражат есебінен  
қызметтің жүзеге асыратын  
байланыс операторларының  
және (немесе) байланыс  
желілерін иеленушілердің  
жедел-іздестіру, қарсы барлау  
іс-шараларын техникалық  
түргыдан жүргізу үшін өзінің  
телекоммуникациялық  
жабдығының функцияларын  
қамтамасыз ету қағидаларына

4-косымша

Нысан

"БЕКІТЕМІН"	"БЕКІТЕМІН"
_____	_____

(лауазымы, жабдық иеленушісі

басшысының қолы, тегі, аты, әкесінің аты  
(болған кезде), үйимның мөрі (болған кезде)  
20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

(лауазымы, үлттық қауіпсіздік органдарының  
үекілдегі

бөлімшесі басшысының қолы, тегі, аты,  
әкесінің аты (болған кезде)  
20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізу функциялары бар  
телекоммуникациялық жабдықты

## ПАЙДАЛАНУДАН ШЫГАРУ АКТІСІ

Осы актімен оператордың немесе \_\_\_\_\_ иеленушісінің  
байланыс желілерінде жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізу  
функциялары бар телекоммуникациялық жабдық (бұдан әрі – жабдық) пайдаланудан  
шығарылады.

Пайдаланудан шығарылатын жабдықтардың тізбесі:

P/Н №	Жабдықтың атауы	Сериялық нөмірі	Бағдарламалық қамтылым нұсқасы	Орнатылатын орны (елді мекен, көше, ғимарат нөмірі, қабаты, үй-жай нөмірі, қатар, орны)
1.				
2.				
3.				

Бұрын \_\_\_\_\_

– (тіркелген телефон байланысы, мобиЛЬДІ телефон байланысы, мобиЛЬДІ интернет  
байланысы,

тіркелген интернет байланысы)

желісінде орнатылған және \_\_\_\_\_

– (абоненттерінің барлық қосылыстары туралы хабарларды жолдан ұстап қалу және /  
немесе ақпаратты жинау және сақтау)

ЖП, ҚБІ жүргізу үшін техникалық мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге арналған  
жабдық осы актіге қол қойылған күннен бастап пайдалануға жатпайды.

Қазақстан Республикасы Үлттық қауіпсіздік комитетінің өкілі пайдаланудан  
шығарылатын жабдықты салыстыруды жүргізді.

Жоғарыда аталған жабдыққа берілген \_\_\_\_\_

– (сәйкестік сертификаттарының нөмірі, берілген күні, кім берген)

сәйкестік сертификатының (-тарының) күші жойылады.

Жабдық иеленушісінің ЖП жабдығы үшін жауптылар	Ұлттық қауіпсіздік органдарының үәкілетті бөлімшесінің жаупты қызметкерлері
(қызметкердің қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)	(қызметкердің қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)
(қызметкердің қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)	
20__ жылғы "___" _____	20__ жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік комитеті  
Төрағасының  
2024 жылғы 19 қыркүйектегі  
№ 128/ке

Қазақстан Республикасының  
аумағында өз қаражаты немесе  
тартылған қаражат есебінен  
қызметтің жузеге асыратын  
байланыс операторларының  
және (немесе) байланыс  
желілерін иеленушілердің  
жедел-іздестіру, қарсы барлау  
іс-шараларын техникалық  
тұрғыдан жүргізу үшін өзінің  
телекоммуникациялық  
жабдықтың функцияларын  
қамтамасыз ету қағидаларына  
5-көсімша

Нысан

**Жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізу функциялары бар  
телекоммуникациялық жабдықтың ақпаратты жинақтау және сақтау құралдарын**

## **КӘДЕГЕ ЖАРАТУ АКТІСІ**

Осы акті байланыс операторының немесе \_\_\_\_\_ байланыс  
иеленушісінің жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізу функциялары бар  
телекоммуникациялық жабдықтың (бұдан әрі – жабдық) ақпараттың жинақтау және  
сақтау құралдарының кәдеге жаратылғанын растайды.

Кәдеге жаратылатын жабдықтардың тізбесі:

P/c №	Жинақтауыштың атасы	Сериялық нөмірі
1.		

2.

3.

Бұрын

(тіркелген телефон байланысы, мобиЛЬДІ телефон байланысы, мобиЛЬДІ интернет байланысы, тіркелген интернет байланысы)

жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізу функциялары бар телекоммуникациялық жабдығында орнатылған және

(абоненттерінің барлық қосылыштары туралы хабарларды жолдан ұстап қалу және / немесе ақпаратты жинау және сақтау)

ЖП, ҚБІ жүргізу үшін техникалық мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге арналған ақпаратты жинақтау және сақтау құралдары

(толықтай физикалық бұзы) әдісімен кәдеге жаратылды.

Жабдық иеленушісінің ЖП жабдығы үшін жауаптылар		Ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті бөлімшесінің жауапты қызметкерлері
(қызметкердің қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)		(қызметкердің қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)
(қызметкердің қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)		
20__жылғы "___" ____	20__жылғы "___" ____	

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Төрағасының

2024 жылғы 19 қыркүйектегі

№ 128/ке

Қазақстан Республикасының аумағында өз қаражаты немесе тартылған қаражат есебінен қызметтің жүзеге асыратын байланыс операторларының

және (немесе) байланыс желелерін иеленушілердің жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын техникалық түрғыдан жүргізу үшін өзінің телекоммуникациялық жабдығының функцияларын қамтамасыз ету қафидаларына

6-қосымша

**Карсы барлау іс-шараларын техникалық тұрғыдан жүргізу үшін телекоммуникация желілері арқылы қабылданатын және берілетін ақпаратты жинақтау және сақтау жабдықтарына қойылатын техникалық талаптар**

1. Ақпаратты жинақтау үшін пайдаланылатын телекоммуникация құралдарының интерфейстері:

- 1) физикалық электрлік және/немесе оптикалық интерфейстер;
- 2) инкапсуляцияланған және инкапсуляцияланбаған трафикті қамтитын логикалық интерфейстер.

2. Телекоммуникация құралдарының интерфейстерінен ақпаратты алу тәсілдері:

- 1) электр сплиттерлерін орнату;
- 2) оптикалық сплиттерлерді орнату;
- 3) қосқыштардағы сымды қосылым;
- 4) кросстардағы сымды қосылым.

3. Телекоммуникация құралдарында ақпаратты жинақтау әдісі:

1) телекоммуникация құралдарының интерфейстерінен электрлік, оптикалық сигналдарды көшіру;

2) электрлік, оптикалық сигналдарды дауыстық, мәтіндік хабарламалар, бейнелік хабарламалар, кескіндер, қосылымдар туралы қызметтік ақпарат форматтарына түрлендіру;

3) ақпаратты уақытша сақтау.

4. Жинақтау және сақтауға арналған ақпараттың тізбесі:

1) телекоммуникациялар хабарламаларының мазмұны;

2) телекоммуникациялар хабарламаларының мазмұнымен өзара байланысқан қосылымдар туралы қызметтік ақпарат;

3) абоненттердің және/немесе байланыс қызметтерін пайдаланушылардың орналасқан жері туралы ақпарат (ұялы байланыс желілері үшін).

5. Ақпаратты сақтау жабдығындағы хабарламалардың форматтары:

1) дауыстық хабарламалар, мәтіндік хабарламалар, кескіндер, бейне хабарламалар, бейне байланыс хабарламалары, деректерді беру және дауыстық ақпаратты беру хабарламалары сақтау жабдығында Техникалық тапсырманың талаптарына сәйкес форматта және/немесе байланыс жүйесінде қабылданған бастапқы форматтарда сақталады;

2) ұялы және тіркелген байланыстың телекоммуникация желілерінде шифрлау болған жағдайда, хабарламалар жинақтау және сақтау жабдығына шифрланбаған түрде беріледі.

6. Ақпаратты сақтау жабдығы:

1) ақпаратты жинақтау жабдығы үздіксіз, резервтетін электр қуатымен, жұмыс істеуіне климаттық жағдайлармен қамтамасыз етіледі;

2) ақпаратты сақтау жабдығында негізгі жабдық істен шыққан жағдайда резервтік, буферлік қоймаларды қолдануды қоса алғанда, ақпараттың жоғалуынан аппараттық-бағдарламалық қорғау қамтамасыз етіледі.

7. Сақталатын ақпаратқа қолжетімділік:

сақталған ақпаратқа қол жеткізу жабдықтарының техникалық параметрлері Техникалық тапсырмамен анықталады.

8. Рұқсатсыз қолжетімділікті шектеу:

1) ақпаратты жинақтау жабдығы құлышталатын телекоммуникациялық шкафтарда орналастырылады;

2) ақпаратты жинақтау жабдығы орналасатын байланыс операторлары, байланыс желілері иелерінің объектілерінде тәулік бойы бейнебақылау жүйелері орнатылады.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік комитеті  
Төрағасының  
2024 жылғы 19 қыркүйектегі  
№ 128/ке

Қазақстан Республикасының  
аумагында өз қаражаты немесе  
тартылған қаражат есебінен  
қызметін жузеге асыратын  
байланыс операторларының  
және (немесе) байланыс  
желілерін иеленушілердің  
жедел-іздестіру, қарсы барлау  
іс-шараларын техникалық  
тұрғыдан жүргізу үшін өзінің  
телекоммуникациялық  
жабдығының функцияларын  
қамтамасыз ету қағидаларына

7-қосымша

Нысан

№    дана

"БЕКІТЕМІН"	"БЕКІТЕМІН"
(лауазымы, жабдық иеленуші)	(лауазымы, ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілдегі)
басшысының қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде),	бөлімшесі басшысының қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)
ұйымның мөрі(болған кезде) кезде)	20 <u>  </u> жылғы " <u>  </u> " <u>  </u>
20 <u>  </u> жылғы " <u>  </u> " <u>  </u>	

Қарсы барлау іс-шараларын техникалық тұрғыдан жүргізу функциялары бар ақпаратты жинақтау және сақтау жабдығын

**ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУ АКТІСІ**

Осы актімен оператор немесе желі иесінің байланыс желілерінде қарсы барлау іс-шараларын техникалық тұрғыдан жүргізу функциялары бар ақпаратты жинақтау және сақтау жабдығы пайдалануға беріледі (әрі қарай - жабдық)

Пайдалануға берілетін жабдықтардың тізбесі:

№ р/с	Жабдықтың атауы	Сериялық нөмірі	Орнату орны (елді мекен, көше, ғимарат нөмірі, қабат, үй-жай нөмірі, қатар, орын)

Жабдық желілерде ҚБІ жүргізу үшін техникалық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді \_\_\_\_\_

(ұялы телефон байланысының, тіркелген телефон байланысының, мобильді байланыстың интернеті, тіркелген байланыстың интернеті)

Жабдық \_\_\_\_\_

(ұялы телефон байланысының, тіркелген телефон байланысының, мобильді байланыстың интернеті, тіркелген байланыстың интернеті) желісінде ҚБІ жүргізу үшін техникалық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (бұдан әрі – ҚР ҮҚҚ) өкілі телекоммуникациялық шкаф(тар) пен жабдықтарға ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан тексеру жүргізді.

Осы актіге қол қойылған күннен бастап телекоммуникациялық шкаф(тар) \_\_\_\_\_

(шкафтың нөмірі немесе оның шартты белгісі) ҚР ҮҚҚ өкілдерінің мөрлерімен мөрленеді.

Байланыс операторының ҚБІ жабдықтарына жауаптылар  (қызметкердің қолы, аты-жөні) 20__ жыл "___" _____	Ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілдегі бөлімшесінің жауапты қызметкері  (қызметкердің қолы, аты-жөні) 20__ жыл "___" _____
--	--

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік комитеті  
Төрағасының  
2024 жылғы 19 қыркүйектегі  
№ 128/ке бүйрүғына  
2-қосымша

### Байланыс желілері мен құралдарына қойылатын талаптар

1. Осы Байланыс желілері мен құралдарына қойылатын талаптар "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын

байланыс операторларының және (немесе) байланыс желілерін иеленушілердің жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын техникалық тұрғыдан жүргізу үшін өзінің телекоммуникациялық жабдығының функцияларын өз қаражаты немесе тартылған қаражат есебінен қамтамасыз ету бойынша байланыс желілері мен құралдарына қойылатын талаптарды (бұдан әрі – талаптар) белгілейді.

2. Байланыс желілері мен құралдарын жоспарлауды, жобалауды, құруды, өзгертуді, дамытуды осы талаптарға сәйкес байланыс операторлары және (немесе) байланыс желілерінің иеленушілері жүзеге асыруға тиіс.

3. Байланыс желілерінің телекоммуникациялық жабдығын таңдауды жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын (бұдан әрі – ЖП, ҚБІ) техникалық тұрғыдан жүргізу функцияларын қамтамасыз етуді және ЖП, ҚБІ техникалық тұрғыдан жүргізу саласындағы техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкестік сертификатын алуды ескере отырып, жабдықтың иеленушісі жүзеге асырады.

4. ЖП, ҚБІ техникалық тұрғыдан жүргізу функциялары байланыс қызметтерін көрсетуге арналған және ЖП, ҚБІ жүргізуге техникалық мүмкіндігі бар телекоммуникациялық жабдықта іске асырылады.

5. ЖП, ҚБІ жүргізуді және ЖП, ҚБІ нәтижелерін толық көлемде, шығынсыз және қалдырмай алуды қамтамасыз ету мақсатында байланыс желілерінде трафик асимметриясын шектеу шаралары көзделеді.

6. Байланыс желілерін құру ақпараттық трафикті, дабыл трафигін, қолданушыларды авторландыруды және сәйкестендіруді қоса алғанда, байланыс объектілерінде трафиктің жергілікті агрегациясы үшін шарттарды, сондай-ақ ЖП, ҚБІ жүргізу үшін көрсетілген трафикке қолжетімділіктің техникалық мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

Трафикті жергілікті агрегациялау деп абоненттердің және (немесе) байланыс қызметтерін пайдаланушылардың трафикке толық көлемде, ысыраптар мен өткізіп жіберулерсіз қол жеткізуін қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар кешені түсініледі.

7. Байланыс желілерінде ЖП, ҚБІ жүргізуге зиян келтіретін абоненттік нөмірлерді заңсыз ауыстыру және заңсыз трафикті болдырмау шаралары көзделеді.

8. Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы байланыс құралдары ЖП, ҚБІ техникалық тұрғыдан жүргізу саласындағы техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес келуге тиіс.

9. Байланыс желілері мен құралдары ЖП, ҚБІ нәтижелерін және көрсетілген байланыс қызметін дәл салыстыру мақсатында барлық байланыс желісінің уақытын Астана қаласының уақытымен біртұтас синхрондауды қамтамасыз етуге тиіс.

10. Байланыс желілері мен құралдары ЖП, ҚБІ нәтижелерін және абоненттік құрылғылардан жіберілетін хабарламаларды дәл салыстыру мақсатында байланыс

желісінде жұмыс істейтін барлық абоненттік құрылғыны сәйкестендіруді қамтамасыз етуі тиіс.

11. Байланыс операторлары және (немесе) байланыс желілерінің иеленушілері байланыс обьектілерінде ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті бөлімшесінің жабдықтары мен техникалық құралдарының орналастырылуын және байланыс желілері мен құралдарына қосылуын, сондай-ақ олардың үздіксіз жұмыс істеуі үшін электрмен жабдықтауды, жерге қосуды, климаттық жағдайларды қамтамасыз етуді, өрт қауіпсіздігін, сақталуын және рұқсат етілмеген қолжетімділікті болдырмауды қоса алғанда, жағдайлардың жасалуын қамтамасыз етеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК